




1 2004  
95 к

# Зейнолла Никулов






# **Зейнолла ШУКІРОВ**



## **Сыр бойы**



Алматы  
“Кайнар”  
2006



Қазақстан Республикасы  
Мәдениет жөнө ақпарат министрлігі  
Ақпарат жөнө мұрагат комитетінің бағдарламасы  
бойынша шығарылып отыр

Баспаға өзірлеген Алпысбай Шүкіров

Шүкіров З.  
**Ш 96 Сыр бойы:** Тарихи роман. 2-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы, 2006. – 400 бет.

ISBN 9965-9948-2-х

Тарихи романның екінші кітабында Жанножа батыр бастаған XIX ғасырдың екінші жартысындағы шаруалар көтерілісі, батырдың өмірінің соңғы жылдары, оның қайғылы қазасы сөз болады.

Екі кітапта да халықтың тұрмысы, өлеуметтік жағдайлары көркем бейнелі тілмен жазылған. Автор тарихи деректерді, аныз-әңгімелерді орнымен пайдалана білген.

III 4702250201  
403(05)-06


ББК 84 (5 Қаз.) 7-44

ISBN 9965-9948-2-х (т. 2)

ISBN 9965-9948-0-3

© Шүкіров З., 1998  
© «Қайнар» баспасы, 2006

Ушінші бөлім





## ДАҒДАРЫСТА

Ауыл биік құба дөңнің құнгей жақ баурайында отыр еді.

Үй мен үйдің арасы бес қадам-он қадам – ірге түйісе қоныпты. Қос белдеу салған ашық қамыс қораның екі шалғайы ауылды ық панасына алып қаусыра құшақтап жатыр. Қора тартқан кезде малдың, жанның қамын бірдей ойластырган сиякты.

Жылдағы әдеті, Нұрымбет пен Барактың балалары қызыжазы осылай ірге айырмайды.

, Азын-аулақ жылқы түккымы тепсендегі, екі ауылға қараған мың қаралы қой, үш жұз түйе, қамыс қораның ығына иіріледі.

Бүгін тұс аугалы құн қакап тұр. Арқа Сырдың бойы емес, бас токсаннан қуырып өкетеді.

Жанқожа үйге кіргенде қызыл інір еді.

Үш таған темір ошақтың үстінде қазан асулы. Қара кидың қып-қызыл шофы бетінді шарпиды. Аяз сорып келген киімнің буы бүркүрап қоя берді.

Айбарша ас қамына кіріскең. Кенет үй сыртында хабарлас қылған адам дауысы шықты.

– Құдайы мейман болсан, түсे бер!

Ендігі сырт киімін шешініп, отқа қыздырынып отырған Жанқожа қайта киінуге ерінеді. Қакап тұрган аязда тагы да да-лаға шығуға бетінен басқан.

– Ассалаумалайкүм!

Конақтың өзінен бұрын дауысы кірді. Қылғындыра буынған тұлкі тымақтың түгінен бет-жұзі көрінбейді. Қой терісі тоннның сыртынан түйе жұн шекпен киіп, белін тұсаумен буынпты.

– Ей, Сапақпышың?

– Танымай қалғаның ба, Жәке?

Сапақ басынан тымағын алды. Жыртиып күледі.

– Таныдым. Тұсау белбеуінен танылт тұрмын.

Жанқожа осы тұсау белбеуді өткен жаз бір ескерткен.

Сапақ мың айдаған бай, ұялған сиякты еді. Сонда да тастамаған еken. Кенкілдеп күлді.

— Күздікүнгі апамның жаназасында болып кеткелі бел шешкенім жоқ, — деді, акталғалы айтқандай.

Қазан соғардың алдында Мұмсін дүние салған. Жаназасына бұл өнірдегі Төртқара түгел қатысты. Сапақ соны айтып отыр.

Сапактың бір үйір жылқысын жоғалтқаны жайлы Жанқожа да есіткен. Күздің күні көші-кон, алас-қапас көбейеді. Барымташы батырлар да сондай кезді андып қапы соғатын еді.

Сапақ қыр ізінен қалмай жүріп, ақыры тауып қайтыпты. Қыр Шектісі, Шүрен аулының жігіттері еken.

— Жылқы ізден жүріп, Көтекеңнің жаназасына тап болдым...

— Көтекен...

— Көтібар ағам... Апырау, оның қаза болғанын сендер әлі есіткен жоқсындар ма?

Биыл қыс бірден қуырып әкетті. Қар ерте түскен. Қарашада басты да салды. Сол-ақ еken, бір күн тыныштық жоқ, бүгін кар, ертен бүрқасын, көзді аштырған жоқ. Үлкен-кіші мал сонында, белдерін босатқалы екі-ақ күн. Өмірі адам болып, Жанқожаның бетін үсік шалғаны биыл еken. Сарғыш жүзі кара қожалақ тартқан. Осы қыстың әлегі ауыл-ауылдың арасын алшактатып, ең аяғы ұзынқұлақ хабардан да қағыс қалдырады.

Биыл жаз Борсық құмына жақындал қонған Табынның батыры Жанқасқа қараша соғардың алдында қыс қыстауы Жем бойына карай жылжиды. Жай жылжымай, кара шокпар жігіттерін аттандырып, Қабақ Көтібар аулының бір үйір жылқысын ала кеткен. Қазақ арасы қашан қыжылсыз жүрген. Бұрын да аттың майы, атанның комы сиякты өкпе-назы болса керек. Көтібар да бір елдің казан бұзар тентегі, Жанқасқаның кол қимылына ашынған беті, аттан салып, атқа конады еken. Табын аулынан жылқы қуады.

— Сол күні Қараша соғыпты. Көтекем ала құйын борасынның арасында жолдастарынан адасып қалған. Аты болдырып бір төбенің ығында жатады еken. Қуғыншы табындар үстінен түседі. Айтуы, Көтібар еkenін олар да білінкіремейді-ау, сірә. Батыр да қасарысып, шынын айтпайды. Таяқ ұшына тиіп, жан тапсырыпты.

Жанқожаның еріні қыбыр-қыбыр етеді. Бетіне бір тамшы жас домалап түсті. Ақырын бетін сипап жатыр.

— Марқұмның топырағы торқа болсын...

Аржағын айтқан жок. Өксік буғандай, батырдың даусы барлығынқырап шығады.

Одан бері де он жылдай өтіпті-ау. Айдарқұл мен Естекбай осы Төртқаралардан жылкы қызып, ақыры кісі өліміне соғып... Құрманай-Құттық үш ердің құнын төлең құтылып еді. Соның алдында ғана Боранбай өлтірген Раманқұлдың інісінен Кожамұрат болып құн тартқан. Сол жылы қыс та қамытшылық, Сыр бойында шығындалмаған ауыл жок... Қетібар Төртқараға төленетін үш мың қойдың жартысын мойнымен көтерді... Қайран ер!

Өлген қазактың жаманы жок, қайта жақсы істері есінде қалады...

Биыл көктемде ғана еді-ау... Айшылық жерде отырған Қетібар Жанқожаға шапқыншы жіберіпті...

Хиуа хандығы Сыр бойына камал салып, екі арыс ел Әлім-Шөменнің берекесін алып жатқан жайы бар... Бірсесе зекеті, бірсесе үсірі... оған сарбаздардың сойыстығы, салынып жатқан қамалдың ығын-шығыны косылады. Қара қазақ баласының қүйзеліп біткенін сөз қылды.

Алдыңғы жылы Қетібар оқыс қимылға барып, алым-салық жинауға шыққан мектердің кол, аяғын байлаташып, орыстардың қолына береді екен. Есіткен жұрт жағасын ұстады. Содан бері тоғыз мың үй қыр Шектісі әбігер... Белдеулерден ат кетпейтін еді.

Қетібардың аулындағы үлкен жиынға Әлім-Шөменнің жақсылары түгел бас қоса алған жок. Бір бөлек Шөмекей, қырдағы Төртқара билері... Сыр Шектісінен Жанқожа сиякты Хиуаның құғынында шеттеп жүрген ауылдардың бес-алты азаматы еді. Ал Қыр Шектісінің жақсылары түгел келген.

Қетібардың топ бастайтын көсемдігі болғанмен, тілмар-суды жаны қаламайтын кісі. Бұл жолы біраз көслілді. Әлім-Шөмен құрық көрмеген асаяғой. Бір заманда тізе көрсеткісі келген Әбілқайырды Барак сұлтанға жығып беретін де осы Шекті еді. Барак қаһарлы сұлтанның басын алатын жолы, Әлімнің аш бөрілеріне сүйеніп іс қылды. Нұралының Сыр бойынан жылжып кететіні де содан соң... Ал қарақалпақтың қан қақсатып неше рет шауып алған Айшуақ сұлтан мен Ерәлі Әлім-Шөменге көз алартудан тайсактайтын. Бір жағында Әбілқайыр өзүлеті, бір жағында орыс солдаттар, – Сырым батыр Жайық бойынан еріксіз ірге аударғанда, Сыр өніріндегі Әлімге келіп еді. Алдынан ел кетіп, сонына жау түсіп сасқан кезде Карадай сұлтан да Сыр Шектісіне келіп, ат тізгінін сүрады...

Сөйткен Әлім-Шөмен бүгін тозып кетіп отыр. Ардақты ері

Жанқожа ата қонысынан безіп, Төртқараны сағалап жүрсе, тозғаны емей немене? Хиуа ханы Аллақұл Сыр бойынан камал салдырып, желкеге мініп алды. Атадан қалған салт, Әлім-Шөмен Жәдік әuletінің шашпауын көтеріп келіп еді. Хиуа тағына мініп, ығылым елге әмірін жүргізген Қайып хан Әлім ішінде жаз жайлайтын. Оның салтын баласы Әбілғазы да үстады. Орысқа үрке қарайтын қара қазақ, онда Хиуа хандығына бүйрекі бүрады, Әбілғазыны тонның ішкі бауында жақын көретін. Ол көз жұмған күні баласы Арынғазы сұltанды хан көтергені де сондыктан...

Ол кезде ненің мәнісін біліп жатырмыз, Арынғазыны катал деп жүрдік. Елді бір уысқа жинап, қысынқырап жібергені де рас. Бірақ, аңдыған дүшпанға айбар еді. Хиуа бетке пана болды, Қызылқұмға аяғын аттап бастырған жок. Тентекті тыып ұстағаны, елдің тыныштығын ойлаған шығар... Оның есесіне халықтың ауызбіршілігі күшейді. Оның тубіне жеткенде, орыс та содан қорыкты ғой. Әбілқайыр тұқымының айтағына ерді. Есіл ердің көзін асырып, Итжеккенге айдатып жіберді...

Әбілқайыр әuletі азғындалды. Шерғазының баласы Жанғазы Әлім-Шөменнің тағына таласып, қылықты көрсеткен жок па? Қазір Хиуаның қарғылы төбетіне айналыпты. Хан болғандағы сиқы, казағын – қалың елін косылып талап отыр...

Енді біреуі Баймағамбет сұltан, күн ашықта мойнында, күн жауғанда қойнында... Өзі Хиуаның озбырлығынан тұралап отырған елден, орыстың пайдасына алым-салық сұрап кодырандайды. Орыс бодан қылғысы келеді екен, Сыр бойынан хиуалық кәzzаптарды неге қуып тастанмайды? Аллақұл ханың қылышы өткір, одан орыс та сескеніп отыр. Кара қазақ солай түсінетін еді...

Бұл кезде орыс тағының жас әміршісі Николайдың бар назары Кавказға ауғанын қазақ білмейді. Шәмілдің туы астына жиналған жауынгер тау халықтарының катал қарсылығынан қол босамай жатқан. Қазақ даласында емес, Кавказ бай өлке... Әрі аржағында орыс патшалығының ежелгі дүшпаны түріктер мен парсылар жақын... Орта Азияны бағындырғысы келсе, Николайға Кавказдағы армиясының үштен бірі де жетер еді. Бірақ ен әuelі қауіпті жактағы жауын жайғастырып алуы керек. Әйтпесе, күндердің күнінде бір бүйірден сап етіп опық жегізуі кәдік...

Стратегияның ондай-ондай құйтырқысына қарапайым ойлайтын қазақ билерінің ақылы жете бермейді. Орыстың кимылсыз жатқан түріне қарап, оны корқақтықтың белгісіне жориды.

Айдаудағы Арынгазының қасына Жұсіп батыр келіпті. Сырым батырдың артында қалған жалғыз түяқ.

— Элім-Шөмеммен жеті жыл дәмдес болып едім, жаксыларына сәлем айт. Хиуаның шапқыншылығына ұшыраған елді ойласам, ішкен асым тамағымнан жүрмейді. Бірақ, баста бұғау. — Жұсіп батырдан сәлем жолдап отырып, бір өтініш жасайды. — Балымның қасына бір-екеуі еріп, Николай патшаға арыз айтып келсе ғой. Сыр бойына Хорезм хандықтарының қамал салып жатқаны орыс патшалығын қобалжытпауы мүмкін емес. Қазак сұлтандардың ішінде елдің басын қосып, Хиуага қарсы қауқар жасай алатындей ешкім қалған жок. Ел болып өтініш жасаса, патша мені қайтарып қалуы кәдік. Николай Александр емес. Эрі қазір Әбілқайыр тұқымының қауқары қаншалықты екенін білгендей де болды ғой...

Жұсіп батыр осы сөзді айтып отырғанда, талайлар-ақ көзіне жас алды. Жанқожаның да төбе қүйкасы шымырлайды.

Қазақ хан үстемдігін сирек мойындайды. Әсіресе құмсағалаған Әлім-Шөмен... Он төрт жасар Жанқожа Әбілғазы ханға ауыр-ауыр сөз айтты. Сонда бала да болса, бес Шектінің айбарына сеніп айтты. Сол Жанқожа Әбілғазының баласын хан көтеретін жерде аксақал-бilerдің кенесінен сырт қалды... Сондағысы, Арынгазының әлгі бір қорлық сөзді кешірмесіне шәк келтірген жок-ты. Жас әміршінің қаталдығы жайлы алып-кашты хабар да дүрілдеп естіліп жатты... Бас сауғалауды ойлаған батыр Бохан тауына қарай жылжып кетті.

Соңғы төрт-бес жылдың бедерінде Жанқожа да талай қындықты бастан кешкен. Ажал қатері төніп, қуғын көрді. Сырттан келген жау оның басын өз бауырының қолымен алдыра жаздаған жок па? Соны ойласа әлі күнге ет жүрегі тітіркейді. Қырық ру қазақ бір тудың астына жиналмай, тубі ел болып онбайды екен. Жасанған жау үстіне келгенде, бір жағадан бас, бір женнен қол шығарудың орнына, сатқын билер қанжығасына байланады... бәрінін ойлайтыны бас амандығы... Дұшпанның сеніміне кіріп, сол арқылы ел тізгінін ұстаудан дәметеді... Тізгін туған халқын алып жеу үшін керек. Раманқұл билеп, қара қазакты қай арманына жеткізеді? Қасқырға қой бактырған анқау шалдың кері келді. Қасқыр... аузы жынға ти-ген соң құтырынды...

Елді бір уысқа жинайтын діні мықты ер керек. Қырық ру қазақ кара бұқарадан шыққан жақсысын мойындаған емес. Хан тұқымына амал жок... атадан қалған дәстүр... Хан басын алса да шыдайды...

Хан тұқымын ауызға алғанда, бұл өлкенің білетін үшеуі —

Әбілқайыр, Абылай, Жәдік сұлтан... Абылайды үш жүздің жақсысы хан көтеріпті деген атағы болмаса, Орта жүзден асып билік еткен жері жоқ. Ал Әбілқайыр тұқымынан ел жеріп шыкты. Кара бұқарадан шыққан жақсы болса көре алмай, ел үстіне орыс әскерін шақырып, бәленің басын әуелі бастаған да солар еді... Байұлы мен Жетіру – екі арыс ел, Әбілқайыр үрпағын алған жерде тіксіне бастағды. Жәнгір хан мен Айшуақ әuletіне орыстың мылтығынан коркып бағынып отыр...

Хиуаның шашбауын көтерген Жанғазының кескіні анау. Ол да Әбілқайыр әuletі...

Абылай тұқымы болса, алты бақан алауыз... Қарқарадай болып Қасым тірі отырғанда, ереккінде құрығандай, Абылайдың тағына қатын отырыпты...

Жәдік сұлтан әuletінде артық туған Арынғазы еді. Әлі де хан тағына сол лайық...

Сонғы төрт-бес жылда көп толғанған Жанқожа өзі де осы корытындыға келген.

Көтібардың сөзін құптады.

Балымның қасына Жүсіп батыр ереді. Петербургқа өзі де барып, жол көріп қайтты. Тағы да екі кісіні атады. Олар аттанғанда Саршатамызың іші, казір бас токсан ортасынан ауды. Бес айдың жүзі болды.

Сонғы бір айдың ішіндегі қыстың қамытшылығы мал баққан шаруаның есін шығарды. Екі қырдың астында отырған ауылмен хабарласудан қалған. Бұдан бір жарым ай бұрын опат болған Көтібардың жаманатын бүгін есітіп отырғаны мынау...

Жанқожа бүгін дастаркан басында тым түйік отырды.

Төсекте де көпке шейін көз іле алған жоқ.

Қыста киіз үй салқын. Үйдегілер көрпенің астынан бір-бір тон жамылады. Ерлі-зайыпты екеуі төрт жасар Итжеместі ортасына алып жататын еді. Бала мазасыз, жиі үйқысырап, көрпенің астынан балықтай тулап шығып кететіні бар.

Айбарша басы төсекке тиді-ак үйқыға кетеді. Пысылдаған дыбысы ғана естіледі. Батыр Итжеместің үстіндегі түйе жұн шекпенді жиі-жиі қымтап қойып, ояу жатыр. Көп қозғалған соң мазасы кетті ме, денесі тоңазиды.

Қазак көрпенің мәнісін біле бермейді. Жабағы күпі мен кой терісі тонды бүркеніп, сыртынан бір текеметті айқара жамылып жата кететін ғой. Нұрымбет тұқымының салтына көрпе Айбаршаның жасауымен бірге кірді.

Жұн салып қабығанмен, көрпе де қымсау болып жарымайды екен-ау... Қайран құдықтың суына екі пісіріп алған казақтың киізіне не жетеді... Батыр құрсінді.

Анда-санда осылай үйкісі қашатыны бар. Тұған жерден жырақ тартып, ағайын арасынан аулақ шығу онай емес. Катар-құрбы, дос-жолдастарын жиңің аңсайтын болып жүр. Ер басына күн туса, етігімен су кешеді... Әкесінің асы да берілген жок... Елден безіп жүргені мынау...

Төртқара да ағайын. Ер жігіттің үш жұртының біреуі қайын жұрты екен. Бұл жакта Нұрымбет тұқымын хан көтереді. Ортасына келген соң туған – жиені Итжемеске біреуі ат енші қылды, біреу тай енші қылды. Бұрын дөңгеленіп қалған дәулет, бұл күнде қалпына келген. Жылқы саны жүзге тақады. Келесі түйеге толып отыр.

Бірақ ит тойған жеріне, ер туған жеріне... Сол ғана ойланады. Жылдан-жылға Хиуа да қысымды қүшейтіп, тынысты тараптқан. Елді ойлады.

Арынғазы... Апыр-ау, патшага кеткен елшілер неге кешігіп жатыр. Ендігі қайтып оралатын кезі жеткен сияқты. Әлде оларға да Арынғазының керін келтіріп, әрі қарай айдал жіберді ме? Көпірге сенбе, суға сүйенбе...

Адам көніліне кәдік кіргенде, қай-қайдағы қауіп-қатер каптап кетеді. Қайран Көтекем... Ол тірі тұрғанда, Жанқожа аркасын тамға сүйегендей еді. Қысылғанда тізгін үшін беретін жақсылар да азайып барады-ау. Батыр күзеле түседі.

\* \* \*

Ханым бастаған қазақ елшілері Петербургқа екі ай жүріп жетті. Арынғазы айдауда жүрген Калуга қаласы жолдан бір бүйір қалады екен. Жүсіптің кеңесіне тоқтаған жолаушылар онда бұрылған жок. Патшаның өзінен ұлықсат болмаған жерде жандармдар айдаудагы адамның қасына ешкімді жолаттайтын еді.

Россияға теренделеп енген сайын, басқа қазактардан ес кеткен, бәрінде де өң-тұс жок. Жол көрген Жүсіп кана саспайды. Әрі он жылға жакын орыс арасында тұрып көргені бар, тілге де жүйрік еді.

Балымға осы ұзақ жолда әр өткен күні жылға татитындей, Петербургқа жеткенше асығады. Сұлтаның көрмегелі он екі жылдың жүзі болыпты, ендігі жақсылықтан күдер үзгендей, сымбатты дene қаншырдай қатып қалған. Бұрын дөңгеленіп көрінетін қызыл шырайлы жүзі, қазір ашан тартқан, ак сұр. Басынан бақыт құсы ұшып, жасы отызды орталаса да, ханымның ажары тайған жок-ты. Оның үстіне былтыр айдаудағы Жүсіп батыр келді. Сұлтанның аман екенін, айтқан сәлемін есіткенде, өлгені тіріліп, өшкен оты жанғандай, Балымның жүзіне қан жүгіріп шыға келген. Петербургқа жакындаған сайын,

мұздаған қанға от жүгіріп, бұйығы жүрек алқына соғатындей. Е, тәнір, кәпір патшаның біз пақырға мейірімін түсіре гөр... Сапары сәтті болып, құдай өбүйір бергенде, сұлтаның ауылға қолынан жетелеп қайтса, тәбесі қекке бір тиер еді-ау. Балым ұзак түнде таң қүзетіп, тәнірге жалбарынып шығады. Ал Арынғазы сұлтанның ен сүйікті дүниесі – домбырасы қоржында келе жатыр. Он екі жылдың бедерінде оның тиегіне бір пенденін саусағы тиген жок. Ханым да, домбыра да сары мейіздей қатып қалған.

Петербург – ғаламат үлкен шаһар. Осыдан бір жарым ай бұрын Орынборда болып, оның үлкендігіне таңқалып, тандай какқан жолаушылар Петербургті аралап келе жатып естері шықты. Тәбесімен көк тіреген минареттер... алуан түрлі үйлер... Көшесінде ағылған халықтан көз сүрінеді. Өздері қалаға кешкілік жетіп еді. Биік бағаналардың ұшар басында самсап тұрган фонаръларды көріп, ауыздарын ашып, көздерін жұмды. Өздері тәнірге күнде жалбарынып, бірақ бір көре алмай пұшайман болып жүрген қадір түндері осында – Петербургте алдарынан шықты. Ал биіктігі бірінен-бірі өткен минареттерге кездескен сайын бір елендейді. Патша сонда тұратын сияқты...

– Патша тұратын үйдің тұрпаты бөлек.

Жұсіп батыр оларға құле карайды. – Бұлар деген не тәйірі. Мұнда қара шекпен байлар тұрады...

Қара бұқара халық мынадай үйде тұрғанда, патшаның жайы қандай болды екен!

Жұсіп сұрай-сұрай жүріп, бір татар саудагерінің үйін тапты. Сонау Орынборда әдірісін ала шықкан. Кен ауласы бар, үлкен жай. Билер өз үйіне келгендей, жағасы жайлау, тәбесі қыстау, жатыр.

Келесі күні елең-алаңда тұрып көшеге шығып кеткен Жұсіп құн бата оралды. Қазақ орыс патшасының қай мекемесін біліп жатыр, анау айтып отыrsa, бармаған жері жок. Ертең ханым бастап келген қазақ жақсылары бір төреге жолығулары керек. Соның жайын келісп келіпті.

Жолаушылар қатты қобалжулы. Кәпір төрені қалай қарсы алатынын кім біліпті. Патша ағзамға бұлардың аузы қашан жеді? Қауіп-катер көп еді.

Пәтерші татар саудагерінің білмейтін түкпірі жок. Жаяу қыбырлап жүріп, патша сарайына бір күнде жете қою қыын екен. Жолаушылар екі пәуеске жалдады.

Кешеден бері көріп жүрген ғимараттары ойыншық екен. Нева дариясының жағасындағы патша сарайы құданың құ-

діретімен орнағандай. Төбесіне қарасаң, басындағы тымағың түседі. Үй кірпіш емес, өңшең әйнектен құрастырылғандай еді. Терезелерге көздері шағылысады. Аспандағы жұлдызға кез болып, санына жете алмай ақылы дал болғаннан бетер, қонақтар тамсанып тұр.

Екі иығын оқалап тастаған, омырауы сап-сары ала орыс төресінің алдына барғанда бәрінің де буындары қалтырайды. Бөлмесі де кең, анау-мынау ауылдың қотанына бергісіз екен. Үстелінің ұзындығы есік пен төрдей, үстіне жапқаны масаты ма, мауыты-мақпал ма, қазак баласы біліп болмайды. Көздің жауын алып тұр.

Бұлардың ішінде Жұсіп қана көсіліп сөйлейді. Орысша сөйлейді. Өзіне сонысы жарасқандай да екен. Қоныр үні бір әуенмен құлақ қүйін келтіреді. Бәрі де негізден шығады-ау. Сырым батыр сөйлеп кеткенде, естіген казак сілтідей тынып тындайды екен дейтін. Хан тұқымы аксүйектерді, қайтарып уәж айтуға келтірмей, талай жіпсіз байлаған ғой. Одан туған Жұсіптің тұрі мынау, орыс жанааралының ауызын аштырмай, сурырылып тұр...

Қазақтардың андығаны төренің жүзі, Жұсіп Арынғазының ханымын таныстырганда, ерекше ілтифат білдіргенін байқап қалды. Енкейіп қолының ұшынан сүйді. Әйелдің қолынан сүйгізуі қазак үшін ерсі. Бірақ бұл жерде ханымның қолы түгіл бетінен сүйгенде, мынауың кисық кой деуге дәрмен жок. Қайта орыс төресінің ықылас көрсеткеніне ырза болып, қазақтардың іші жылыды.

— Ханымның келгенін патша ағзамға хабарладық. Ертең қабылдайтын болып отыр. Қалған өтініштеріңіздің жауабын да сол жерде алатын боласыздар...

Жұсіп биенің бір сауымындағы сөйлегенде, төре төрт-ак ауыз сөзбен тұжырымын айтты. Патша ағзамның алдына қазақтардың барлығын топырлатып апарудың қажеті жоқ көрінеді. Ханымның қасына Жұсіп қана еретін болды.

Билер оны да көнілдеріне алған жок. Құтырганнан құтылған. Патшаның алдына барғанда, шен тимес. Бәрінің айтатыны бір-ак тілек, Арынғазының басына бостандық сұрайды ғой. Оны Жұсіп те жеткізер...

Әздерінің Петербургқа қарай аттанып бара жатқан сапары жайлы Орынбордың генерал-губернаторы граф Эссен жазған мәміле бұдан бір ай бүрін ұлы мәртебелі патша ағзамның қолына тигенін олар білген жоқ. Қазақтардың жолы оңай онғарылып, императордың табалдырығында ұзак күтіп жатып қалмагандары сондықтан еді.

Бар назары Кавказда – күштірек екі көршісі Персия мен Түркияның басқан қадамын бағып отырғанмен, Николай патша Орта Азия мен Қазақстан сахараасын да естен шығарған жок. Тау халықтарының табан тірескен қарсылығы тойтарылып, Шәмілдің қосынында жік шығып, мойнындағы бір міндегі женілдегендей. Енді Орта Азия... кең байтақ өлке... Онда Үндістанға қарай асатын ұлы керуен жолы жатыр... Орта Азия хандықтары Коқан мен Хиуа орыс патшалығының сол ниетін аңғарып қалған сынайы бар. Сыр бойын жағалай қамал салып, Арап теңізінің солтүстік бетінен алдын орап келе жатыр. Жол кесілді...

Әкесі Александр патша жәрдем қолын сұрап келген қазак ханы Арынгазыны Калугаға жер аударыпты. Орынбордың шалағай генерал-губернаторы, азулы Арынгазыдан гөрі, колтығынан шықпайтын қөнбіс әulet Әбліқайырдың балаларын қолдауды артық көрген. Ол мырзаларының, қол астындағы елді Хиуа хандығы жаулап алып жатқанда, қынқ етіп дыбыс шығаруға жарай алмай отырғандары мынау...

Хиуа мен Коқан қазір қазақ сахараасының жел беті іспеттес. Ол жерге ел іргесін берік ұстаяға қабілеті жететін мықты билеуші керек. Ол – Арынгазы...

Патша ағзам Арынгазыны айдаудан босатуға бекініп отыр. Тек қазак елінің елшілері келуіне қаратқан. Содан кейін алпыс шақырым жердегі Калугаға шапқыншы аттандырып, Арынгазыны хан салтанатымен Петербургқа алдырады. Ханымның өзі де келе жатыр екен... Сахара халқы ақпейіл, көрсеткен кошеметті ұмытпайды... Әрі бұғаудан босатып, әрі Сырдарияның екі өнірінде мекендейтін қалың елге әмірші етіп қайтаратын болса, Арынгазы Николай патшага әмір бойы қарыздар болып өтпек...

Император осылай пайымдайды.

Кен коныш қазақ билерін қабылдап жатуды патша ағзам қажет деп тапқан жок. Ал жасы отыздың ішіндегі ханымның жөні бөлек еді. Алты мың шақырым алыс жерден ыстыққа күйіп, сұыққа тонып келіп отыр... Соны ойлағанда императордың есіне князгина Волконская тұсті. Патшага қарсы қол көтепіріп қаһарға ұшыраған декабрист бүлікші князь Волконскийдің зайдыбы... Сібірде тас қазып жатқан күйеуіне баратын болып ұлықсат сұрағанда патша сенген жок. Сол жақта біржола қалып қойыпты... Жұрт орыс әйелінің ерлігін аныз қылып айтатын көрінеді. Оның ісіне император да тәнти. Бірақ ол орыс әйелі... Окымысты әйел, бекзада... Тағы халықтың ортасынан шықкан мынау әйелдің мәдениетті қауымнан тәрбие алған бекзаданың өнегесін айнайтпай қайталауы ғажап екен. Тілін

білмейтін салты бөлек жат халықтың ортасына тәуекел етіп қалай келіп жүр...

Қызыл ала қанауыз көйлектің кос етегі жер сыйады. Ханым оның сыртынан көк жібек қамзол киіпті. Өнірі мен етегіне алтын зер ұстап, үнді жібегінен тіктірген қамзол жарыққа шағылысып көзді қарықтыргандай. Камшат бөрік киіп, үстіне ақ жібек тоқыма шәліні бос тастапты. Далада аяз, ханымның сұық сорған қуқыл жүзінде қызғылт толқын ойнайды. Ұзын кірпігі көлегейлеген қара көздері тұнғиық терен көрінді. Тіл катқанда, қаймыжақтай жұқа ерінінде діріл білініп, қара қасының құйрығын тартып-тартып қалған. Жол сапар жүйкесіне тиген. Толқып тұр. Кенет ол бейкүнә нәрестеге ұқсап кеткендей. Ханымның бір сөзіне де түсінген жоқ. Патша ағзамның бар анғарғаны, осы сарыторы әйелдін, дала аруының ажары – Петербургтің мандай алды сұлұларымен салыстыруға болатындей екен. Жас император әйелдін сұлу сымбатына айрықша мән беретін. Орнынан еріксіз түрегеліп, ханымның ақ сүйрік саусағының ұшына ернін тигізді. Қолғап кию салтында жоқ, тағы халықтан шықкан әйелдің колы мақтадай жұп-жұмсақ көрінді. Кақаған аязда ып-ыстық қүйіп тұр. Мұрнына саумал ісі келгендей болды.

Жұсіп батырға төрт-бес сұрап койды. Сыр бойындағы қазактардың хал-жайын білгісі келеді екен. Жұсіп Хиуа мен Қоқанды бір мемлекетке есептейді. Екеуді де қара қазакты тонал жатыр. Халық қобалжулы. Бірақ ел бастайтын адам жоқ... Солай орағытып, бірте-бірте Арынғазыға келді, ханның кіріптар жағдайын ауызға алды. Ол билік құрып тұрган заманда Хиуа сыпайы Қызылқұмнан бері қарай аттап баспағанын айтты.

– Арынғазы ханға кешірім берілді. Бүгін Калугаға хабаршы аттандырылады. Хан бес күннен кейін Петербургте болады.

Балым орыс тілінде әліпті таяқ деп білмесе де, патшаның не айтып тұрғанын түсінді. Әуелі Арынғазының, одан кейін ол жүрген қаланың аты аталды. Жүйрік көніл ұшін сол да жетіп жатыр еді. Ханымның каракат көзінен бір тамшы жас ыршып шықты.

Бес күннен кейін сұлтаны қолына тиеді...

Қазактар хан иесін күтіп алудың камына кіріспей жатыр. Ноғай саудагерге ақшаны аямай беріп, сойыстыққа ту бие әзірлетті.

Балым сұлтаны киетін асыл киімдерді шығарды. Айдауда адам қайбір жетісіп жүр дейсін. Он екі жыл... ендігі азып-тозып бітті ғой... Ағаш көркі жапырак, адам көркі шүберек... Дүшпан аяққа карайды. Киімдерінің дайын тұрғаны абзал.

Бірденені күткен кезде, күн қандай ұзак. Бес күн Балым үшін бес жылға татығандай.

Соңғы күн. Жүсіп батырдың күндегі әдеті, күнұзын патша сарайын жағалайды. Бүгін көп айналмай қайтып оралды. Батырдың түсі әлем-тапырық еді.

— Хан осыдан үш күн бұрын қайтыс болыпты...

Қасындағы серіктерін оңаша шығарып алып, есітіп келген жаманат хабарын айтты.

Балымға естіртуге бір адам бата алған жок.

Қазақтар ертеңіне Калугаға сапар шекті. Патша ағзам Арынғазыға сол жақтан кездесіп, әрі қарай алып кетуге қосыпты... Қыстың көзі қырау, жол ауыр... соны ескерген...

Калугаға сол күні түнделетіп жетті.

Арынғазы соңғы бес жылда бір ноғай саудагерінің үйінде тұрып келген еken. Жолбасшы орыс жандармы сонда әкеліп түсірді.

Қаза осы арада естіртілді. Қаперінде түк жок, қуанып келе жатқан Балым талып қалды. Бір күннің ішінде басына ауыр қасірет түсті. Бір түннің ішінде қара шашы аппак құдай болып шықкан. Қазақтар жағасын үстады.

Татар саудагер қалада он шақты үй мұсылмандар бар еkenін, Арынғазыны ақ жуып арулап, мұсылманша қойғандарын айтты. Ханымның құлағы түк есітпейді. Калугада болған үш күннің ішінде үш ауыз сөз айткан жок. Эйел жаны нәзік. Аңсап келіп еді. Жалындаған жар құшағына бір сұық суды актара салғандай. Балым қасіретті көтере алған жок. Есінен адасыпты байғұс.

Ханның тойына арнап алынған ту бие қазасына сойылды.

Жүсіп батыр жаназасын қайта шығартты. Бір ойы сүйекті алып қайтқысы да келеді. Бірақ серіктері қыныр тартып отыр. Айшылық ауыр жол. Қоныр күз, күн жылы. Өлі мұрдені жолда шірітіп алып, масқара болудың қажеті жоқ...

— Аманат деп тастап кетіндер. Кейін келіп алып кетулеріне болады. — Татар саудагер шарифат айтты.

Аманат деп қалдырғанмен, Арынғазының артынан ізден келіп алып кете қоятындағы ешкімі жок еді. Балымның қескіні мынау. Жүсіп бәрін де түсініп тұр. Бірақ аманат айту көнілге дәтке қуат секілді. Саудагердің айтуы бойынша жол-жобасын жасады.

Балым сол қалпы түзелген жок. Ұзақ жолдың бойында бір ауыз тіл қатпаған күйі елге жетті.

Онда бас тоқсанның басы еді. Қыс қамытшылық. Арынғазының қазасы туралы жаманат хабар Көтібардан көп кейін, қыс ортасына таман бірте-бірте тарады.

\* \* \*

Арынгазының жаманатын Хиуаға Қожанияз жеткізді. Аллақұл хан Сыр бойындағы бажбаның қыстың көзі қырауда Хиуаға шақыртыпты. Қожанияздың іші кіпі алды. Хан шақырса, карашада шара жоқ, келіп отыр.

Қазак даласындағы жалғыз бажбан, хан сарайына екі айда бір шапқыншы аттандырады. Қазактардың ахуалы, алым-салықтың жағдайы, қамал құрылсының жұмыстың барысы, бәрі де хат арқылы мәлімделіп тұратын еді.

Аллақұлдың бүл жолғы сұрағы қазактардың хал-акуалынан басталды. Хиуа сарбаздары Сыр бойында орын тепкелі төрт жылға қарал барады екен. Ең әуелі Жанқожа батыр көшті. Былтыр Әлімнің тағы бір аталығы қарасақалдар Мұғалжар тауына қарай ығысыпты. Төрткара бастан іргесін аулақ салып еді. Әлі баяғы қалпы, Хиуаның қолтығынан кіретін ниеті бай-қалмайды... Солай бастап келіп, хан Қабак Көтібар батырды ауызға алды. Оның да Хиуаға сыртын берген түрі бар. Отken жаз алым-салық жинауга барған мектерді тұтқындатып, орыстардың қолына тапсырыпты. Аллақұл Арынгазының катыны Петербургқа кеткенін де біліп отыр. Бүл жұмысты Көтібар ойластырғанына шәк келтірмейді.

Аллақұл Көтібардың да, Арынгазы сұлтанның да қайтыс болғанын осы жерде есітті.

Қызметіне кір келтіретін кейбір жаңалықтарды Қожанияз бүгіп қалуға тырысатын. Қамалды хан сарайына хат жолдап жаттын тағы біреу бар екенін білмейді. Хан қазір сол "біреудін" Қарадуанның сөзін алдына тартып отыр.

— Төрткарапар аржағында орыс қамалына жақын отырған ел. Оны қоқан-локқымен қорқыта қою қын. Қарасақалдарға да қолтығына су бұркіп, Хиуа қоластынан көшіріп отырған со-лар. Оны қөрген соң ежелгі тентек Көтібар да нілдей бұзылды.

Қожанияздың жауабы дайын еді, мұдірген жоқ.

— Енді мынау Көтібардың өлімі, Арынгазының қазасы келіп отыр... Қыр Шектісі тулағанда қайда барады?

— Шынымен солай ойлайсың ба? — Аллақұл сөл ойланды. — Ендеше жазға қарай Қыр Шектісіне төбе көсетіп қайтсаң қайтеді? Ондай онай құрық алып кететін елді құр-құрлай ұстау керек болар. Ал ТөрткараФа Бекарыстан биді сал. Оны Әлім ішінде беделді деседі ғой...

Осының бәрін Аллақұл қайдан біле беретініне Қожанияз шынымен таңырқады. Қамалда бәрін жеткізіп отырған біреу бар ғой... Қарадуан жайлы кәдік көніліне бірінші рет кірді.

— ТөрткараФа алдағанға көне қоймас. Өйткені белгілі бүлікші

Жанқожа сол Төртқараның ішінде жүр. Төртқараға күйеу. Ол жақтағы Әлім Жанқожаның қабағын бағады.

Қарадуан ханының атына жолдаған хаттарында, Қожанияздың жеке басына байланысты да талай деректер келтірген. Бажбан қазақ ауылдарынан жиналған есепсіз алым-салықтың үлкен бөлігін бас пайдасына қымқырып қалатын көрінеді. Аллақұл хан жасырын тексертіп көрді. Үй санына шакқанда, зекетке жиналған малдың ұзын жобасы түгел... Қамал құрылышы бар, екі жұз сыпайдың шығыны бар, оған он шақты әкімдердің жалақысы қосылады... Алым-салықтың ұштен бір үлесі Қожанияздың қолында қалатыны рас... Қарадуаның айтуыша, бажбан молырақ қамтып қалатын сиякты. Сонда қалай? Кейбір ауылдардан зекетті еселеп жинататын болғаны ғой... Бірақ, онда түрған еш жамандық жоқ. Есектің жүгі женіл болса жатаған келеді. Қазакты тізені батырыңқырап ұстағанды ханың өзі де жек көрмейді...

Бірақ, қамал құрылышы... Қазағы бар, қарақалпағы бар, алты ай жазда үш-төрт жұз жігіт тынымсыз қимылдайды... Сонда бітпей жатыр... Зекеттеген үлкен үлес дәметкенде де, Қожанияз қамал құрылышын сылтау қылады. Әдейі сол үшін кешіктіріп, сөзбүйдәға салып жүрмесін...

— Алғашқы жылы қамал деген аты, жеркепеде түрдүк. Екі жұз сыпайға жататын үй керек. Қамал әкімшілігін орналастыратын мекен-жай керек. Қамалдың құр сұлбасы, соңғы екі жыл үй құрылышынан қолды босатпады.

Қожанияз бұл жерден де ілдірмей кетті. — Құдай қаласа, биыл жаз біtedі. Дуалдары биіктетіліп, айнала оры теренде тіледі...

Осыдан кейін кенес жайбарақат арнаға түскен. Қожанияз шым-шымдал арыз-шағымдарын айта бастады. Әлгіде хан сарайынан шыққан түтіннің қалай қарай шалқитынын аңғарып қалған. Басқан қадамын аңдып отырған жымысқы біреу бар екені анық. Өзі де Қарадуаннан сезікті еді. Онан басқа тереннен ойлап, із кесе қоятын адамның інін көре алмай отыр. Сондықтан еруліге қарулы қемекшісін даттап калуға асықты.

Сыр бойындағы елде ең қауіпті жау Жанқожа еді. Соны күа кеткен Қарадуан кешірілмес құнә жасады. Раманқұл биге туған інісін аттырыпты. Алыстағы қазақ ауылдарын шошытып отырғанда, Қарадуаның осындай қаталдығы...

— Қожанияз мырза, жат елдің арасында хиуалық екі бек зәуімен дәмдес болған екенсіндер. Қемекшінді жамандағаның киянат емес пе? Атса ағасы, өлген даладағы қаймана қазақ қой. Кейде солай көзін корқытып қойған да онды болар.

— Онсыз да Сыр бойындағы ел бір-бірлеп іргесін аулақ салып жатқанын көріп отырыс. Момын тайпаларды орынсыз үркітудің қажеті бола қояр ма екен?

— Осы Раманқұлдың інісінен бұрын да бір қазақтың басы алынған жоқ па еді?

Балпанның өлімін ескертіп отырғаны анық еді. Қожанияз ытырынды.

— Оны өлтірмеске болмады, тақсыр. Балпанға ешқандай айып тағылмай-ақ басын алдырғаны кенет есіне түсіп, Қожанияздың жүзі қуқыл тартты. — Ол қазақ Ақирестегі тыңшымыз Әблісейіттің көрсетуімен өлтірілген, — деді содан соң.

— Бірақ кінәсін мойнына қойып отырып жазалауың керек еді. Меніңше, Раманқұлдың кінәсі бар. Жанқожамен туыс екен. Бұлікшінің ерте камданып, бой тасалауға үлгіргені соның әрекеті болуы да мүмкін! — Хан түсін сүйтты.

— Егер сенімсіз адамымыз Раманқұл болса, онда қазақ арасында кімге сүйенуіміз керек екенін білмей отырмын, тақсыр. Қожанияз мұдіре түсті. — Әлгі басы алынған қазақ болса, оның жөні басқа. Әблісейітті танып койыпты. Қазақ арасындағы жалғыз жансызымыздың басы қатерде тұрғанда, оны тірі ұсташылық болар еді. Өлім жазасына амалсыз бүйіруға тұра келді, тақсыр.

— Артынан Әблісейіттің өзі де жоғалды ғой...

— Бар бәле сол қазақтың туыстарынан келді!

— Сол азаматымыз жалғыз Хиуа емес, Қоқан ханына да қызмет етіп жүрген жоқ па екен? Әблісейіт шайқыны айтам...

Бұл Қожанияздың қаперінде жоқ көдік еді. Өзі жансыз болған соң, онда иман-отан да жоқ. Бір мезгілде екі қожаға қызметін өткізіп, есебін тауып екі асап жүруі де ықтимал-ау... Қожанияз аңтарылып қалыпты.

Хан оны ойластырған. Әблісейіттің үйіне бақылау қойылғалы үш жыл. Соны айтты.

Бірақ із-түзі шықпастан барады. Оның Хиуаға қызмет етіп жүргенін Қоқан ханы да біледі. Бар қоймасын ақтарып болған соң, шошқаның басын алдырған...

Ханнның әңгімесі сол жерден үзілді. Есік ашылып, қызметші жігіт бір қырындан тұра қалды.

— Жангазы сұлтан келді ме?

— Күтіп отыр, тақсыр...

— Кірсін!

Жангазының есімін есіткенде, Қожанияздың жүзі сүрланды. Бәс! Аллақұл хан Сыр өніріндегі казактардың арасындағы бір жағдайды бес саусақтай біліп отыр еді-ау. Қожанияздың

кеудесінде мың шайтан ойнақ салғандай. Енді Карадуан жайына қалып, Жанғазыдан кәдіктенді.

Қазак ішіне елші аттандырылатын жолы ханның алдында бір сұрап тұрды. Қөшпелі халық қарақалпақ емес, көнілінен шықпапан күні сыртын береді... Оны ханнан қарастып үстеган сенімдірек сияқты. Ал Хиуаның базарынан Әбілқайыр ғана емес, Жәдік сұлтан өзүеттің де он-ондап табуға болады. Қаңғып жүрген Абылай хан тұқымы да кездеседі. Аллақұлдың бір бүйірінде Жанғазы сұлтанның есімі, кеңесшілеріне ақыл салды.

Сонда қауіп айтқан бектерінің бірі Қожанияз еді. Хан тұқымына сенім жоқ. Ел тізгінің үстеганша ғана, одан өрі қойдан шықкан қойшыдан таяғын сырттан сұрайды...

Хиуа сарайы қазақ ішіне Жанғазыны хан сайлағалы жатқаны жайлышында хабарды Қожанияз күздікүні есітті. Шындыққа шыққаны ғой...

Жанғазы сұлтан көп күттірген жоқ. Екі жағына пышақ жанғандай қара сұр кісі. Жасы елуге тақап қалса да, шашы қапкара күйі еді. Ханның алдында құлдық ұрып сыр бермей, қолын төсіне қойып, бас иді. Төре тұқымы бағасын түсіргіci келмейді ғой... Қожанияз ханның үстіне кіріп келе жатқанда, қылмысты адамнан бетер берекеті кетіп болатын өз мінезін еске алды. Қайран, Мұхаммед Рахим хан... Екеуі қатар өсті. Оның тұсында Қожанияз да кердеп басатын. Сыр мінез адамның орны бөлек екен-ау...

— Жанғазы төре, демалыс жақсы болып жатыр ма?

Қожанияз әkkі ханның сұрағына қарап, Жанғазы Хиуада жатқалы көп уақыт өткенін анғарды.

— Тәнірінің қолдауымен, сіздің астананыңда демалыс неге жаман өтсін, тақсыр.

— Ат-көлік тыныққан шығар?

— Шабыс тілеп, ауыздығын шайнап тұр...

— Аттануға асығып отыр екенсің ғой, төре!...

Қожанияз бұлардың астарлап айтқан сөзінен ештеңе түсініп жарытқан жоқ. Жанғазы қайда асығады, қайда аттанаады? Қазак арасы, Сыр бойы... Онда алынбай жатқан жау жоқ еді ғой. Сол ғой... Аллақұл Шерғазының баласын хан сайлағалы отыр. Бұл ана жақта елді алған, Еділді алған адам сияқты талтандап жүргенде, сүм төре өтірік құліп жүріп-ақ, аяғының астынан ор казыпты. Беті жабық терең ор ойылуға жақын... сәл ката басса болды, Қожанияз күмбір-самбыр құлайды!..

Жоқ, оған жол бермеу керек!

— Қожанияз мырза!

Ау, мынау алдиярдың дауысы ғой. Тісінің арасынан сыз-

дықтай сөйлейді. Бұл ашулы отырғанының белгісі. Қожанияз өзіне келгенде селк етті.

— Алдияр!

...Мен саған айтып отырмын, Қожанияз мырза, — дегенде Аллақұлдың қабағында сыз білінді. — Жанғазы сұltан атасы Әбілқайырдың жолын үстайды. Сырдарияның екі өнірін жайлайтын ығылым елдің тізгінін үстатьп отырмын. Хиуа хандығына адал екеніне ант берді. Сұltан астанасын Жанкент қаласына орнатады. Ескі қаладағы сәuletті сарайлар ендігі құлап бітті. Соны жөндетуге өзін қол ұшын бересін. Үй тұрғызудың шебері қарақалпақтар бар еді ғой, тәуір-тәуір ұштөртеуін Жанкентке, сұltанның қарамағына жібер!

Аллақұл хан оның бәрін құздікүні-ак шешіп қойған. Қырдағы Әлім-Шөменнің азулы билері орыс патшасына елші аттандырып, Арынғазыны босатып алудың әрекетіне шындалап кірісіпті. Қазак сырттан келген басқыншыдан гөрі, өз сұltандарының өкімін онай мойындаиды. Арынғазы оралса, қапы ұрып қалуы қәдік. Онсыз да Әлім-Шөмен іргесін бірте-бірте аулақ салып жатыр. Хиуаны сағалап жүрген Әбілқайыр тұқымын Аллақұл жедел шақыртып алды. Хан сайлау шешімі сарай кеңесінде оңаша өткен. Енді Жанғазыны қазақ арасына апарып, хан сайлау рәсімін жасау қалған.

Был күзге қарай камалдағы құрылыш ісі толық аяқталады. Содан кейін қарақалпак шеберлері ауылдарына қайтарылады. Қожанияз ханның атынан уәде беріп қойған. Бұл жерде ол шындықты айтуға батылы барған жок.

— Жанғазы сұltан құрық алып қашып, бағынбай жүрген аталақтармен өзі сөйлеседі. Саған бұйыратыным, бұдан былай қарай сұltанның ішкі ісіне көп араласпауын керек. Ондай әрекет ханның беделін түсіреді. Сен менің Сыр бойы қазақтары арасындағы сенімді өкілімсін. Ханның казынасына тиісті алым-салыкты, ұшыр мен зекетті жинатасын. Сыр өніріндегі біздің иеліктеріміздің амандығына, ендігі жерде Жанғазы сұltан екеуін бірдей жауап беретін боласындар. Қарауындағы сыпайлардың жартысын Хиуага қайтар. Қазір қазақ іші тыныштық, сенің қажетіне екі жұз сыпай жетіп артылып жатыр. Жанғазы сұltан да қарап жатпас, оған тілекtes рулар көп. Содан жігіт жинап, Жанкент қаласында жұз сарбаз үстайды...

Пәлі, бір Әлім-Шөменнің ішінде сонда екі мемлекет орнаганы ғой. Бас-басына би болсан, Манартауға сыймассын! Енді соның кері келген шығар. Алдиярдың мұнысына жол болсын. Тізгінді Жанғазы сұltан үстайды екен, онда Қожанияз кой қырқа ма?...

Аллақұл хан бір мемлекеттің ішінде тағы бір мемлекет ашқанда, ойы өріректе еді. Жанғазы сұлтанның беделін пайдала-нып, сырттап жүрген ауылдарды Хиуаның бауырына тартады. Әрі қазак даласындағы екі билеуші Жанғазы мен Қожанияз бір-біріне бакташы болады. Қожанияздың бар кимылы қазак ханының көз алдында, бұрынғыдай алым-салықтан молырак қамтып қалудың жолы тарылады. Зәude бір жамандығына бағып, Жанғазы сұлтан құрық алып кететіндей болса, Қожанияз камалындағы екі жұз сыпай іргесінде тұр, оған жол бермейді...

— Құп, таксыр. Қожанияздың шарасы құрыған, колын төсіне қойып орнынан тұрды.

Жанғазы сұлтанға көзі түсіп еді, бір езуінен мыскылдай құліп тұр екен.

\* \* \*

Көктем туып, жер аяғы кеніді.

Қазақтар "Бабажан қамалы" деп жүр. Карапактар "Қожанияз қамалы" деп атайды... Бұл күндері Хиуа хандығының Сыр бойындағы бекінісі бітуге жақындаған қалған. Қожанияздың хан алдында дабырайтып айтканындаі алты аршын болмаса да, дуалының биіктігі екі адамның бойындаі бар. Осы балшық дуал биіктеген сайын, айналасындағы кісі бойы ор да терендей түседі. Еріншек Томан басын шайқап тұр.

— Бұны осынша өсіре беріп әкесінің құны кетті ме екен? Орынын түрі жаман. Әлі бұл қамалға келген адамдар орға түсіп өлетін шығар...

Жаманқұл алғашқы екі жылда, ауылда қамалдың қара жұмысына жіберетін адамның реті болмай, жама ағайындарынан жігіт жалдап жүрді. Биыл ақысын ауырсынып отыр. Қара жұмыска жалданған жігітке бір жылда төрт ірі қара керек еді. Үш ағайынды Таңсыққожа балалары әлі енші алысқан жок. Қөген-дегі қозыдан біреуі кеміген күні ішкен асы бойына сіңбейтін Томан ақыры шыдамады. Қара жұмыска өзі шыкты.

— Мұның ішіне мен білсем егін еgetін шығар, — деді Карапесек жігіт.

— Соны да білмейсіндер ме?

Бәлдір кетпеніне сүйеніп тұр. Жылда қамалдың жұмысына Жалбыр келетін еді. Ақысына бір-жар кара-құра алып, қыс соғымына жаратады. Биыл көктемде қарал отырмай, Ақиректің астына тары салған. Жалбыр кетсе, барлық жұмыс қаран қала-ды. Келмесе, қыста қарызға алып жеп қойған бір құнажын бай-тал қарызы бар... Ақыры жасы алпысқа келген Бәлдір "Бабажанның моласын" казуға өзі келді.

— Мынау ор Бабажан ханның моласы. Оны әлі де тереңдете түспесе болмайды, жігіттер. Өйткені бір түссе қайтып шықпауға жақсы. — Тыңдаң тұргандардың даурықкан құлқісі Бәлдірдің арқасын көздірді. — Мынауысын дуал деп жүрмісіндер. Бабажанның басына салынып жатқан там ғой. Шайтан болмаса, ерте ме, кеш пе, бір өлеңіні анық. Еси бар азамат емес пе, моласын көзі тірісінде салдырып жатыр.

Күлкі ұлғайды. Жұмыс қалған. Жігіттер отырған-отырған жерінде тастай салып, енді Бәлдірдің қасына жиналды.

— Раманқұлдың жағдайын есіткендерің бар ма? — Бәлдір жүрттың бетіне жағалай қарап алды. — Ол бек атанды ғой.

— Хан емес пе! — Бір Құрманай жігіт дау айтты.

— Бек. Бәлдір мойында кетті. — Бек ханнан сәл кіші болады. Бірақ біздің бек Бабажаннан қалатын емес. Қамал... Астапыралла, мола екен ғой... Басына мола салдырып жатқан көрінеді. Нанбасаң мына туысынан сұра!

— Өзі де байып болыпты ғой. Бидің жылқысы Қызылдың құмына сыймайды...

— Осы зекетке жиналған малды Раманқұлдың аулының үстіне іиреді ғой. Әр кора қойдан бір тоқты алып қала бергенде аз мал ма? Жегені желкесінен шыққыр!

Оны айтқан Қаракесек жігітке Құрманай шап етті.

— Раманқұлдың тоқты ұрлағанын көзің көріп пе еді?! Ауызыңа келгенді оттама!

— Эй, Раманқұлды айтқанға сенің не кимаң қышып тұр!

— Құрманай-Құттық бір тудық деп тұрган шығар...

— Раманқұл тумай тұа шөксін!

— Сол сиякты Жәкемнің аулына сарттың әскерін құлатып ақыры антқа ұшырған жоқ па? Инісі Қожанды өз қолынан атты...

Қасында қарақалпақ жасауылы Шорабай өтіп бара жатыр еді, жолынан қалып, бері қайырылды. Дау болып жатқанын да білмейді. Жұмыс жайына қалып, жүрттың иіріліп отырғанын көрді. Ұрына кетуге себеп таппай жүрген Шорабай ондай-ондайды елестірмей өте алмайды. Бәрі ханның қазуы... Қырық рудан жиналған қазак жігіттері... Оларға осындауда ақырып-жекіріп, әкімдігінді бір көрсетіп қалғанының өзі не тұрады!? Аналадайdan айқайды салып келе жатыр.

— Жұмыс тоқтап тұр. Сендер аяқтарынды көсіліп салып отырсындар! Өңшең арамтамактар! Бәрі ханның қазуы! Енелепінді ұрып, қырып кетейін бе!

Шеттеу тұрган Томанды тартып жіберді.

— Ағажан! — Шорабайдың қамшысын бұрын да бір жеп көріп, запы болған Томан бажалақтады. — Мен емес — анау!